Біздің елімізде жұмыс істейтін мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі оның әртүрлі тармақтары өкілеттіктерінің теңгерімін сақтау қажеттігіне сәйкес қазіргі мемлекеттік билік жүйесіне сәйкес құрылған. Тұтастай алғанда, елде іс-қимыл жасайтын сыртқы бақылауды ұйымдастыру нысанында республикалық деңгейде де, жергілікті деңгейлерде де әлемдік тәжірибеде қабылданған нормаларға сәйкес келетінін атап өтуге болады. Сонымен бірге ішкі атқарушы органның екі ішкі бақылау институттарының болуы олардың бақылау іс-шараларын тиімді ұйымдастыру үшін олардың қызметтері мен өкілеттіктерінің нақты ара-жігін айқындауға жәрдемдеспейді. Бақылау іс-шараларының келісілген жоспарларын, олардың қызметін жалпы үйлестіру мәселелерін регламенттейтін сапалы жасалған нормативтік құқықтық құжаттардың жоқтығы, нақты бақылау іс-шараларын жүзеге асыру кезінде көрсетілген институттардың өзара іс-әрекеттері ережелерді тереңдете түседі. Қазіргі кезде олар өзінің қызметтерін өздерінің жоспары бойынша, жекелеген жағдайларда, жоспардан тыс жүзеге асырады, бұл қосарласуды, ішкі бақылау органдарының бақылау қызметінде қосарласқан тексерулерді (параллелизмді) [5] туындатады. Мұндай жағдай бақылау объектілері ведомстволары басшыларының тарапынан риза еместігін туындатуы сөзсіз. Сонымен қатар Есеп комитеті жүргізген ішкі бақылау институттары қызметінің тиімділігін талдау, республикадағы ішкі бақылау органдары санының ұлғайғанын байқауға мүмкіндік береді, бюджеттік тәртіптің артуымен сүйемненденбейтін болған. Мұндай жағдай ішкі бақылау институттарының санын оңтайландыру қажеттігіне және олардың қызметінің тиімділігін арттыруға алып келетін едәуір шаралар қабылдауға негізделеді.

Бақылау қызметін әдіснамалық қамтамасыз ету проблемалары бар. Бақылау қызметі – өте күрделі және мемлекеттің көпқырлы қызметі, оның тиісті ғылыми-әдіснамалық сүйемелдеусіз жүзеге асырылуы мүмкін емес. Қазіргі уақытта бірыңғай әдіснамалық базаның жоқтығынан бақылау қызметінің ұйымы әртүрлі органдардың бюджеттік қаражаттарды пайдаланғаны үшін бақылауды жүзеге асыруға деген көзқарастарында айтарлықтай айырмашылық бар. Сондықтан жекелеген институттардың есептері басқа органның жұмысына пайдалануға жарамсыз болып көрінеді, сондай-ақ әртүрлі органдардың бақылау қызметінің жалпы тиімділігін төмендетеді. Кейде саналы түрдегі ауытқушылық фактілері немесе ішкі бақылау жүргізу ба-

рысында анықталған елеулі қаржылық бұзушылықтарды сыртқы бақылау органдарынан жасыру байқалады. Мұндай фактілер осы институттардың жұмыс істеуінде нормативтік-әдіснамалық базаның әлсіздігінен орын алған. Бақылаушы органдардың көпшілігі бақылау іс-шараларының нәтижелерін терең талдамайды, анықталған бұзушылықтардың сабеп-салдарларын зерделемейді. Есеп комитеті тексерулерінің нәтижелері мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын басқа органдардың сақтамауы, өз қызметтерін жүзеге асыру кезінде бақылау органдары басшылыққа алуы тиіс, ол тұтастай алғанда органдар арасындағы өзара іс-қимылды әлсіретуге алып келеді.

Есеп комитетінің басқа органдармен бірлескен және қосарлас тексеруі жеткілікті түрде реттелмеген. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, МҚБ органдары осындай тексеру түрлерін жүргізбейді [3] десе де болады.

Тұтастай алғанда, қазіргі ұйымдық, институционалдық, құқықтық және әдіснамалық проблемалар мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының жұмыс істеуі осы институттар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдеспейді, өйткені, қаржылық тәртіпті нығайтуға бюджеттік бағдарламалардың нәтижелілігі айтарлықтай әсер етпейді. Белгіленген проблемаларды уақтылы шешу мемлекеттік қаржылық бақылау институттарының қызметін оңтайландыруға, елдегі мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге алып келеді.

Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ықпалды тетіктерін құруды кезең-кезеңімен жүзеге асыру қажет. Бірінші кезеңде, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдағанға дейін, жинақталған шетелдік тәжірибені ескере отырып, жаңа нормативтік құжаттар әзірлеу қажет. Бұл өзгерістер әртүрлі мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының арасындағы өзара ықпалдастықты жетілдіруге бағытталуға тиіс. Екінші кезеңде ішкі бақылау институттарының санын оңтайландыру қажет, осылайша, олардың қызметі нарықтық экономиканың осы заманғы талаптарына сәйкес келетін болады.

Жоғарыда мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының қалыпты жұмыс істеуіне нашар құқықтық және әдіснамалық негіздердің тигізетін теріс әсері туралы, сондай-ақ Қазақстанда сыртқы және ішкі қаржылық бақылау органдары арасында тиімді өзара іс-қимылды қалыптастыруға тексеру комиссияларының институционалдық тұрғыдан дамымай отырғаны жөнінде айтылған болатын. Мұндай проблемалармен әлемнің көптеген елдері кездескен, сондықтан әлемдік озық тәжірибені жинақтау үшін және оларды кеңінен қолдануға жағдай жасау мақсатында халықаралық ішкі және сыртқы аудит институттары құрылған еді. Қазіргі уақытта, Халықаралық ішкі аудиторлар институты ішкі аудит органдарының қызметін біріздендіруге жауапты болып табылады, ал Халықаралық жоғары аудит органдарының ұйымы - сыртқы аудит саласында жауапты (INTOSAI) [4]. Аталған халықаралық институттар ішкі және сыртқы бақылау институттарына қойылатын негізгі талаптарды айқындайды, сондай-ақ ішкі және сыртқы аудит стандарттарын әзірлейді, мемлекеттік

қаржылық бақылау органдарының қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптарын қалыптастырады. Олардың белсенді қызметінің арқасында қазіргі кезде әлемде әртүрлі мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау іс-шараларын жүргізу бойынша біріздендірілген нысандары мен әдістері пайда болды.

Атқарушы билік үшін ішкі бақылау органдарының қызметін халықаралық тәжірибеде қабылданған стандарттарға сәйкес реформалау ең маңызды міндет болып табылады. Әрине, институционалдық реформаларды жүргізу үшін белгілі бір уақыт қажет болады, сондықтан әртүрлі мемлекеттік қаржылық бақылау органдары арасындағы өзара іс-қимылды жақсарту міндетін кезең-кезеңімен шешкен жөн. Бірінші кезеңде мынадай міндеттерді шешу қажет:

1. Барлық мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау іс-шараларын жоспарлаудың, жүргізудің және олардың нәтижелерін ресімдеудің бірыңғай әдіснамалық базасын әзірлеп, тәжірибеге енгізу.

2. Барлық мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау іс-шараларын жоспарлаудың, жүргізудің және олардың нәтижелерін ресімдеудің ортақ ережелерін ұстануға міндеттейтін құқықтық негіз жасау.

3. Әртүрлі ішкі және сыртқы аудит органдарының бірлескен және қосарлас бақылау іс-шараларын жүргізу жөніндегі қағидаларын әзірлеп бекіту.

4. Ішкі және сыртқы бақылау (аудит) органдарының бірыңғай ақпараттық базасын жасау бойынша пәрменді шаралар қабылдау.

5. Ішкі бақылау органдарының және тексеру комиссияларының қызметінің тиімділігін бағалау бойынша Есеп комитетінің құқығын күшейту. Осындай тәуелсіз бағалау болған жағдайда ғана басқа бақылаушы органдардың жұмысының нәтижелілігі мен тиімділігін арттыруға болады.

Жалпы алғанда, бірінші кезеңнің міндеттері бақылау іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша қазіргі нормативтік құқықтық актілерді жетілдіруге бағытталған. Аталған кезеңде МҚБ жүйесінде айтарлықтай институционалдық өзгерістер қарастырылмаған. Алдағы жұмыстар аясында сыртқы және ішкі бақылау органдарының өзара іс-қимылының тәртібін және тетіктерін регламенттейтін жаңа нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруға баса назар аудару қажет.

Сонымен, егер мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бақылау іс-шараларын жоспарлау, жүргізу және олардың нәтижелерін ресімдеу кезінде бірыңғай принциптер мен стандарттарды пайдаланған жағдайда, олардың қызметі арнайы заңмен реттелетін болса, сондай-ақ ішкі және сыртқы бақылау органдарының функциялары мен өкілеттіктерінің ара-жігі нақты айқындалған болса, онда әртүрлі мемлекеттік қаржылық бақылау органдары арасында іскери байланыстарды орнату кезінде ешқандай проблемалар туындамайтын болады. Олар тек бір-бірін толықтырып отырады. Бір жағынан, егер күшті ішкі бақылау органы «бөгде тексерушілерден» (сыртқы бақылау органдарынан бақылау объектілерін, сол сияқты бақылаудың нәтижелерін) қорғай отырып сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының

қызметін алмастыруға әрекет жасайтын болса, мұндай жағдайда мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының жұмысында жүйелілік пен дәйектілік болмайды. Осының салдарынан, бюджеттік бағдарламалардың тиімділігі төмендеп, бюджет тәртібі нашарлайды, мемлекеттік бағдарламалардың күтілген нәтижелерінің орнына жанама нәтижелермен ғана қанағаттануға тура келеді. Мұндай проблемаларды Лима декларациясының талаптарына және өзге де халықаралық талаптарға сай келетін, мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының қызметін реттейтін арнайы әзірленген жүйелі заңның көмегімен ғана жоюға болады.


2013 жылғы 3 қыркүйектегі Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасында мемлекеттік аудит органдарының өкілеттіктерінің ара-жігін нақты айқындап, әрі тиімді өзара іс-қимылын ескере отырып, олардың теңдестірілген құрылымын қалыптастыру қарастырылған [1]. Сонымен бірге, мемлекеттік аудитті енгізу кезең-кезеңімен жүзеге асырылуы тиіс.

Қазіргі уақытта, Қазақстан Республикасының Парламентінде «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының заң жобасы жасалу және бекіту сатысынан өтіп жатыр. Осы заң барлық проблемаларды шешпеген күннің өзінде де мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының құқықтық базасын айтарлықтай нығайта түсер еді. Жалпы алғанда, ішкі және сыртқы бақылау органдарының қызметін жақсарту үшін сапалы жетілдірілген заңның және мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимылы тетіктерін айқындайтын заңға тәуелді актілердің қажет екендігін айта кету керек.

Заң жобасына сәйкес, мемлекеттік аудит органдарының жүйесі мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының қолданыстағы жүйесіне қарағанда айтарлықтай институционалдық өзгерістерге ұшыраған жоқ.

Тұжырымдама бойынша ішкі аудит жөніндегі уәкілетті орган шектеулі бақылауды жүзеге асырады және ішкі бақылау қызметтерінің тиімділігіне бағалау жүргізеді.

Бұл ретте заң жобасының қолданыстағы редакциясы Мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасында қойылған міндеттерді толық көлемінде шеше алмайды. Атап айтқанда, мемлекеттік аудит органдарының арасында бір-бірінің функцияларын қайталау мәселесі шешілмеген күйінде қалып отыр. (1-суретке қараңыз)



1-сурет. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚР заңының жобасына сай мемлекеттік қаржылық бақылау институттарының моделі.

Бірінші кезекте, әлемдік тәжірибе әртүрлі бақылау функциялары арасындағы өкілеттіктердің ара-жігін нақты ажыратуды талап етеді, бұл мәселе институционалдық тұрғыдан көрініс табуы тиіс. Сондай-ақ әртүрлі органдардың жауапкершілігін және олардың құрылымын әлемдік тәжірибеге сәйкес келтіру қажет. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының жүйесін реформалауды біртіндеп жүргізу ұсынылған. Бұл ретте ішкі бақылау органдарын оңтайландыруға баса назар аудару қажет.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, егер ішкі аудит қанағаттанарлық дәрежеде жұмыс істемейтін болса, онда бірде-бір сыртқы қаржылық бақылау құрылымы атқарушы билік органдарының ішіндегі нашар әрі тиімсіз қаржылық бақылаудың орнын толтыра алмайды. Сондықтан, дамыған елдерді мысалға ала отырып, барлық атқарушы билік органдарында тиімді жұмыс істейтін ішкі аудит қызметтерін құру мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың қалыпты жүйесін құрудың бастапқы іргетасы болып табылады.

Келешекте Қаржымині ҚБК персоналы министрліктердің, ведомстволардың және жергілікті атқарушы органдардың ішкі аудит қызметтеріне, сондай-ақ сыртқы аудиторлар ретінде Есеп комитетіне қайта бөлінуі мүмкін. Мемлекеттік сектор ауқымында ішкі қаржылық бақылауды қолдау үшін мұндай қайта бөлу біртіндеп іске асырылуы мүмкін.

Сонымен, осы айтылғандарды қорыта отырып, ішкі және сыртқы бақылау органдары арасындағы өзара іс-қимылдарды жақсартуға қатысты проблемалардың көпшілігі жүйелі сипатта өріс алғанын айта кету керек, сондықтан арнайы заң және заңға тәуелді актілерді қабылдамай тұрып, оларды осы кезеңде шешу мүмкін емес. Дегенмен, қысқа мерзімді уақыт аралығында төменде көрсетілген міндеттерді шешу Есеп комитеті мен ішкі бақылау институттары арасындағы өзара іс-қимылдарды нығайтуға ықпал ететін болады:

1. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесін іргетасы берік қаланған тиімді жұмыс істейтін ішкі аудит қызметтерінің базасында құруға болады. Сондықтан, озық әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, ішкі аудит қызметтерін институционалдық тұрғыдан нығайту қажет;

2. Ішкі бақылау іс-шараларын жоспарлаудың, жүргізудің және оның нәтижелерін ресімдеудің қағидаларын, рәсімдерін және стандарттарын халықаралық стандарттарға, сондай-ақ сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қажеттіліктеріне сай жетілдіру қажет;

3. Ішкі және сыртқы мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау органдарының қызметін толық үйлестіру мақсатында, ішкі бақылау (аудит) органдарының қызметіне бағалау жүргізу жөніндегі өкілетті Есеп комитетіне бекіту қажет.

4. Келешекте ішкі бақылау органдарының санын оңтайландыру мақсатында институционалдық реформалар жүргізу қажет.

Шетелдік тәжірибені зерделеу негізінде мынадай қорытынды жасауға болады: сыртқы мемлекеттік ау-

дит органдарының ішкі аудит органдарымен оңтайлы өзара іс-қимылы тетігін қалыптастыру үшін жүйелі әрі кешенді тәсіл әзірлеу қажет.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау (бұдан әрі - МАҚБ) органдарының өзара іс-қимылы тетігін күшейту МАҚБ-ның біртұтас жүйесі арқылы айқындалады, оның аясында құқықтық, ақпараттық, институционалдық, кадрлық және әдістемелік блоктарды біркелкі дамыту қажет. (2-суретке қараңыз)

Құқықтық 1) «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заң әзірлеп қабылдау	Ақпараттық 1) МАҚБ органдарын ақпараттандырудың жоспарын әзірлеу 2) МАҚБ органдарының мемлекеттік ақпараттық-талдамалық жүйесін дамыту және енгізу	Институционалдық 1) озық әлемдік тәжірибе негізінде МАҚБ органдары жүйесін құру. ҚР Есеп комитетінің көшбасшылық рөлін айқындау. 2) әртүрлі МАҚБ органдарының ведомстволық бағыныстылығын нақты құрылымдау
Коммуникативтік 1) барлық МАҚБ органдарының өзара, басқа бақылау субъектілерімен, басқа мемлекеттік органдармен, жұртшылықпен келісілген әрекеттері үшін үйлестіру кеңесінің жұмысын жетілдіру	Кадрлық 1) МАҚБ органдары қызметкерлерін даярлау мен қайта даярлаудың тиімді жүйесін құру 2) МАҚБ органдары қызметкерлеріне қойылатын талаптарды арттыру 3) МАҚБ органдары арасында кадрларды қайта бөлу	Әдістемелік 1) бақылау іс-шараларын стандарттау 2) мемаудит жүргізу, оның нәтижелерін ресімдеу, МАҚБ органдарының қызметін бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды стандарттау

2-сурет. МАҚБ органдарының тиімді іс-қимылын қамтамасыз ететін блоктарды дамытудың бағыттары

Жалпы алғанда, ішкі және сыртқы бақылау институттары арасындағы өзара іс-қимыл тетіктерін зерттеудің қорытындысы бойынша пәрменді ұсынымдар берілді. Бақылау іс-шараларын қайталаудың деңгейін МҚБ органдарының жүргізген бақылауының нәтижелерін өзара мойындау тетігін жасау жолымен төмендетуге болады. Зерттеу барысында МҚБ органдарының бірыңғай дерекқорын ескере отырып, аталған өзара іс-қимылдың құралы үшін оны жүзеге асырудың ықтималды моделдері ұсынылды, сондай-ақ жүргізілген мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың нәтижелерін өзара тану туралы нұсқаудың жобасы әзірленді.

Қорыта келгенде, кейбір осы ұсынымдардың «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының заң жобасын әзірлеу кезінде ескерілгенін айта кету керек, сонымен бірге, МҚБ органдары жоғарыда көрсетілген бағыттарда өзара іс-қимылдарын жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыруы қажет.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасын бекіту туралы» Мемлекет басшысының 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 634 Жарлығы.
2. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының заң жобасы, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1446 қаулысымен Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісіне қарауға енгізілді.
3. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимыл қағидасы (Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 115-нқ және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 26 қыркүйектегі № 442 бірлескен бұйрығымен бекітілген).
4. Жоғары қаржы бақылау органдарына арналған халықаралық стандарттар (ISSAI), Халықаралық жоғары қаржы бақылау органдарының ұйымы шығарған.(INTOSAI) // www.intosai.org;
5. А.Б. Зейнелғабдин. «Қазақстанның қаржы жүйесі: қалыптасуы және дамуы». Монография. – Астана, КазУЭФМТ баспасы, 2008 ж. – 226-бет.

М. САТКАЛИЕВ*член Счетного комитета***С. ЖАМЫШЕВА***заместитель заведующего отделом прикладных научных исследований РГП «ЦИФН»***А. КИЛИБАЕВ***главный эксперт отдела прикладных научных исследований РГП «ЦИФН»*

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ОРГАНОВ ВНЕШНЕГО И ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ФИНАНСОВОГО КОНТРОЛЯ В КАЗАХСТАНЕ

В 2014 году было проведено исследование функций органов внешнего и внутреннего государственного аудита и финансового контроля с выработкой оптимальных механизмов взаимодействия. В статье представлены результаты проведенного исследования, а также предложения по построению оптимального механизма взаимодействия органов внешнего и внутреннего государственного аудита и финансового контроля.

В настоящее время в Казахстане в основном созданы необходимые институты, выполняющие функции внутреннего и внешнего государственного финансового контроля (далее – ГФК). Счетный комитет по контролю за исполнением республиканского бюджета (далее – Счетный комитет) является органом, осуществляющим внешний контроль за правильностью, законностью, эффективностью и результативностью использования средств республиканского бюджета, а ревизионные комиссии являются органами внешнего финансового контроля на местном уровне. Внутренний контроль на центральном уровне и на региональном уровне осуществляют два института. Первый из них – Комитет финансового контроля Министерства финансов РК

(далее – КФК) и его территориальные подразделения, а также службы внутреннего контроля (далее – СВК), функционирующие в составе центральных и местных государственных органов. В этой связи возникает объективная необходимость в четком разграничении функций, полномочий объектов и субъектов контроля, а также в налаживании механизмов оптимального взаимодействия между указанными институтами внутреннего и внешнего государственного финансового контроля при переходе на государственный аудит. Одним из действенных шагов в этом направлении стала разработка проекта Закона Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле», который постановлением Правительства Республики Казахстан

от 31 декабря 2013 года № 1446 внесен на рассмотрение в Мажилис Парламента Республики Казахстан [2]. Следует отметить, что затягивание сроков принятия данного законопроекта создает определенные практические сложности в формировании действенных институтов государственного аудита и финансового контроля в стране.

Функции и полномочия государственных органов, осуществляющих внешний и внутренний контроль, системно не разграничены, что приводит к усилению элементов дублирования их деятельности и снижает эффективность всей системы государственного финансового контроля. Из-за этого в контрольной деятельности государства отсутствуют целостность, последовательность и системность в охвате объектов контроля, в результате отдельные элементы экономической системы подвергаются контролю неоднократно, другие остаются вне контроля. Не эффективен имеющийся механизм взаимодействия органов государственного финансового контроля. Наличие двух институтов внутреннего контроля не только усиливает элемент дублирования, но и не способствует формированию эффективно функционирующих служб внутреннего аудита (контроля) как на центральном, так и на местном уровнях. До сих пор не решены вопросы обеспечения независимости служб внутреннего контроля, унификации их деятельности в соответствии с международными стандартами, подготовки сертифицированных аудиторов для служб внутреннего контроля, а также общая методологическая координация их деятельности.

Функционирующая система госфинконтроля в нашей стране встроена в существующую систему государственной власти в соответствии с необходимостью соблюдения баланса полномочий ее разных ветвей. В целом, можно отметить, что действующая в стране форма организации внешнего контроля как на республиканском, так и на местном уровнях соответствует нормам, принятым в мировой практике. В то же время наличие двух институтов внутреннего контроля внутри исполнительной власти не способствует четкому разграничению их функций и полномочий для эффективной организации ими контрольных мероприятий. Положение усугубляется еще отсутствием качественно проработанных нормативных правовых документов, регламентирующих вопросы общей координации их деятельности, согласованности планов контрольных мероприятий, взаимодействия указанных институтов при осуществлении конкретных контрольных мероприятий. В настоящее время они осуществляют свою деятельность по собственному плану, в отдельных случаях – вне плана, что порождает дублирование, параллелизм в контрольной деятельности органов внутреннего контроля [5]. Безусловно, такое обстоятельство порождает недовольство со стороны руководителей ведомств объектов контроля. Помимо этого анализ эффективности деятельности институтов внутреннего контроля, проведенный Счетным комитетом, позволяет заметить, что простое увеличение количества органов внутреннего контроля в республике не стало сопровождаться улучшением бюджетной дисциплины.

Данное обстоятельство обуславливает необходимость оптимизации количества институтов внутреннего контроля и принятия существенных мер, приводящих к повышению эффективности их деятельности.

Существуют также проблемы методологического обеспечения контрольной деятельности. Контрольная деятельность – очень сложная и многогранная функция государства, которая не может осуществляться качественно без соответствующего научно-методологического сопровождения. В настоящее время из-за отсутствия единой методологической базы организации контрольной деятельности сильно разнятся подходы различных органов к осуществлению контроля за использованием бюджетных средств. Поэтому отчеты отдельных институтов оказываются непригодными для использования в работе другого органа, что также снижает общую эффективность контрольной деятельности разных органов. Иногда наблюдаются факты сознательного искажения либо укрывательства от органов внешнего контроля серьезных финансовых нарушений, выявленных в ходе проведения внутреннего контроля. Такие факты имеют место также из-за слабости нормативно-методологической базы функционирования этих институтов. Большинство контролирующих органов глубоко не анализируются результаты контрольных мероприятий, не изучаются причинно-следственные связи выявляемых нарушений. Результаты проверок Счетным комитетом показывают несоблюдение другими органами контроля стандартов госфинконтроля, которыми должны руководствоваться органы контроля при осуществлении своей деятельности, что в целом приводит к ослаблению взаимодействия между органами.

Совместные и параллельные проверки Счетного комитета с другими органами недостаточно отрегулированы. Практика показывает, что данные виды проверок органы ГФК почти не проводят [3].

В целом, существующие организационные, институциональные, правовые и методологические проблемы функционирования органов государственного финансового контроля не способствуют повышению эффективности деятельности этих институтов, следовательно, не оказывают существенного влияния на укрепление бюджетной дисциплины, результативности бюджетных программ. Своевременное решение отмеченных проблем привело бы к оптимизации деятельности институтов госфинконтроля, совершенствованию системы государственного управления в стране.

Создание действенных механизмов взаимодействия органов госфинконтроля необходимо осуществлять поэтапно. На первом этапе, до принятия Закона Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле», с учетом накопленного зарубежного опыта необходимо разработать новые нормативные документы и внести отдельные изменения в действующие нормативные правовые акты. Эти изменения должны быть нацелены на совершенствование взаимодействия между разными органами госфинконтроля. На втором этапе необходимо оптимизировать количество институтов внутреннего контроля таким об-

разом, чтобы их деятельность соответствовала современным требованиям рыночной экономики.

Выше говорилось об отрицательном влиянии слабых правовых и методологических основ для нормального функционирования органов госфинконтроля и неразвитости институциональных структур ревизионных комиссий на формирование эффективного взаимодействия между органами внешнего и внутреннего финансового контроля в Казахстане. С подобными проблемами сталкивались многие страны мира, поэтому в целях накопления лучшего мирового опыта и создания условий для их широкого распространения были образованы международные институты внутреннего и внешнего аудита. В настоящее время Международный институт внутренних аудиторов является ответственным за унификацию деятельности органов внутреннего аудита, а в области внешнего аудита – Международная организация высших органов аудита (INTOSAI) [4]. Отмеченные международные институты определяют рамочные требования, предъявляемые самим институтам внутреннего и внешнего контроля, а также разрабатывают стандарты внутреннего и внешнего аудита, формируют квалификационные требования, предъявляемые сотрудникам органов госфинконтроля и др. Благодаря их активной деятельности на сегодня в мире появились определенные унифицированные формы и методы осуществления контрольных мероприятий разными органами госфинконтроля.

Наиболее важной задачей для исполнительной власти является реформирование деятельности органов внутреннего контроля в соответствии со стандартами, принятыми в международной практике. Безусловно, потребуется определенное время для проведения институциональных реформ, поэтому задачу улучшения взаимодействия между разными органами госфинконтроля следует решать поэтапно. На первом этапе необходимо решить такие задачи:

1. Разработать и внедрить в практику единую методологическую базу планирования, проведения и оформления результатов контрольных мероприятий всеми органами госфинконтроля.
2. Создать правовой механизм, обязывающий все органы госфинконтроля придерживаться принятых общих правил планирования, проведения и оформления результатов контрольных мероприятий.
3. Разработать и утвердить правила проведения совместных и параллельных контрольных мероприятий разными органами внутреннего и внешнего аудита;
4. Принять действенные меры по созданию единой информационной базы органов внутреннего и внешнего контроля (аудита);
5. Усилить права Счетного комитета по оценке эффективности деятельности органов внутреннего контроля и ревизионных комиссий. Только при наличии такой независимой оценки можно повысить результативность и эффективность работы других контролируемых органов.

В целом можно сказать, что задачи первого этапа сводятся к совершенствованию существующих нормативных правовых актов по вопросам организации и

проведения контрольных мероприятий. На данном этапе не предполагаются существенные институциональные изменения в системе ГФК. В рамках предстоящих работ следует обратить внимание на формирование новой нормативной правовой базы, регламентирующей порядок и механизмы взаимодействия органов внешнего и внутреннего контроля.

Таким образом, если деятельность органов госфинконтроля регулируется специальным законом, кроме того, в случае использования ими в практике единых принципов и стандартов планирования, проведения и оформления результатов контрольных мероприятий, а также если четко разграничены функции и полномочия органов внутреннего и внешнего контроля, то не возникает никаких проблем в установлении деловых контактов между разными органами госфинконтроля. Они будут только дополнять друг друга. С другой стороны, если сильный орган внутреннего контроля попытается замещать деятельность внешних органов госфинконтроля, ревностно охраняя от «посторонних проверяющих» (от органов внешнего контроля, как объекты контроля, так и результаты контрольных мероприятий), то в такой ситуации системность и последовательность в работе у органов госфинконтроля будет отсутствовать. В результате эффективность бюджетных программ будет снижаться, бюджетная дисциплина будет ослабевать, вместо ожидаемых прямых результатов государственных программ общество будет довольствоваться косвенными результатами. Подобные проблемы можно устранить только при помощи специально разработанного системного закона, регулирующего деятельность органов госфинконтроля, соответствующего требованиям Лимской декларации и иных международных требований.

В Концепции внедрения государственного аудита в Республике Казахстан от 3 сентября 2013 года предполагается формирование сбалансированной структуры органов государственного аудита с учетом четкого разграничения их полномочий и эффективного взаимодействия [1]. Более того, внедрение государственного аудита должно осуществляться поэтапно.

В данное время на стадии разработки и утверждения в Парламенте Республики Казахстан находится проект Закона Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле». Принятие данного закона, хотя и не снимает все существующие проблемы, заметно укрепило бы правовую базу функционирования органов госфинконтроля. В целом, можно отметить, что для улучшения деятельности органов внутреннего и внешнего контроля необходим качественно проработанный закон и понятные подзаконные акты, определяющие механизмы взаимодействия институтов госфинконтроля.

В соответствии с законопроектом система органов государственного аудита практически не претерпела институциональных изменений по сравнению с действующей системой органов государственного финансового контроля.

Согласно Концепции уполномоченный орган по внутреннему аудиту должен осуществлять ограничен-

ный контроль и проведение оценки эффективности деятельности служб внутреннего аудита.

Между тем, действующая редакция законопроекта не в полной мере решает поставленные Концепцией внедрения государственного аудита задачи. В частности, проблема дублирования функций между органами государственного аудита останется нерешенной (см. рис. 1).




Рисунок 1. Модель институтов государственного финансового контроля согласно проекту Закона РК «О государственном аудите и финансовом контроле».

В первую очередь, мировой опыт подчеркивает важность четкого разграничения полномочий между различными контрольными функциями, что должно получить институциональное выражение. И ответственность различных органов, и их структура должны быть приведены в соответствие с мировой практикой. Реформирование системы органов государственного финансового контроля предлагается провести постепенно. При этом основной акцент следует уделить оптимизации органов внутреннего контроля.

Мировой опыт свидетельствует, что если внутренний аудит работает неудовлетворительно, то ни одна структура внешнего контроля не может компенсировать слабость или неэффективность финансового контроля внутри исполнительных органов власти. Поэтому фундаментальным исходным пунктом создания стройной системы государственного аудита и финансового контроля является создание эффективно функционирующих служб внутреннего аудита во всех органах исполнительной власти по примеру развитых стран.

В будущем потенциально персонал КФК МФ может быть перераспределен в пользу служб внутреннего аудита министерств, ведомств и местных исполнительных органов, в Счетный комитет в качестве внешних аудиторов. Для поддержания внутреннего финансового контроля в масштабе государственного сектора такое перераспределение может быть произведено постепенно.

Таким образом, подытоживая сказанное, можно отметить, что большинство проблем улучшения взаимодействия между органами внутреннего и внешнего контроля носит системный характер, поэтому их на данном этапе невозможно решить без принятия специального закона и других подзаконных актов. Тем не менее, в краткосрочной перспективе решение следующих задач может способствовать укреплению взаимодействия между Счетным комитетом и институтами внутреннего контроля:

1. Систему государственного аудита и финансового контроля можно построить только на хорошем фундаменте, на базе эффективно функционирующей службы внутреннего аудита. Поэтому следует институционально укреплять СВА, опираясь на лучший мировой опыт;

2. Правила, процедуры и стандарты планирования, проведения и оформления результатов внутренних контрольных мероприятий следует совершенствовать так, чтобы, с одной стороны, они соответствовали международным требованиям, и, с другой стороны, удовлетворяли потребностям внешних органов государственного аудита и финансового контроля;

3. В целях обеспечения полной гармонизации деятельности органов внутреннего и внешнего государственного аудита и финансового контроля за Счетным комитетом надо закрепить полномочия по проведению оценки деятельности органов внутреннего контроля (аудита).

4. В будущем в целях оптимизации количества органов внутреннего контроля следует провести институциональные реформы.

На основе изученного зарубежного опыта можно сделать вывод, что для формирования оптимального механизма взаимодействия органов внешнего государственного аудита с органами внутреннего аудита необходимо наладить системный и комплексный подход.

Усиление механизма взаимодействия органов государственного аудита и финансового контроля (далее – ГАФК) определяется целостностью системы ГАФК, в рамках которой необходимо равномерное развитие ее нескольких блоков – правового, информационного, институционального, коммуникативного, кадрового и методического (см. рис. 2).

Правовой 1) Разработка и принятие Закона «О государственном аудите и финансовом контроле»	Информационный 1) Разработка плана информатизации органов ГАФК 2) Развитие и внедрение Государственной информационно-аналитической системы органов ГАФК	Институциональный 1) Создание системы органов ГАФК на основе лучшей мировой практики. Определение главенствующей роли Счетного комитета РК. 2) Четкое структурирование ведомственной подчиненности различных органов ГАФК
Коммуникативный 1) Совершенствование работы координационного совета для согласованных действий всех органов ГАФК между собой, с другими субъектами контроля, государственными органами и общественностью	Кадровый 1) Создание эффективной системы подготовки и переподготовки работников ГАФК 2) Повышение требований к работникам органов ГАФК 3) Перераспределение кадров между органами ГАФК	Методический 1) Стандартизация контрольных мероприятий 2) Стандартизация методических рекомендаций по проведению государственного аудита, оформлению его результатов, оценке деятельности органов ГАФК

Рис. 2. Направления развития блоков, обеспечивающих эффективное взаимодействие органов ГАФК

В целом по итогам исследования механизмов взаимодействия между институтами внутреннего и внешнего контроля предложены действенные рекомендации. Снижение уровня дублирования контрольных мероприятий возможно путем создания механизма взаимного признания результатов проведенного контроля органами ГФК. Для данного инструмента взаимодействия в ходе исследования были предложены возможные модели его осуществления с учетом единой базы данных органов ГФК, так и без нее, а также разработан проект руко-

водства взаимного признания результатов проведенного государственного аудита и финансового контроля.

В заключение следует отметить, что некоторые из этих рекомендаций были учтены в проекте Закона Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле», вместе с тем органами ГФК должна быть продолжена работа по совершенствованию взаимодействия в указанных выше направлениях.

Список используемых источников:

1. Указ Главы государства «Об утверждении Концепции внедрения государственного аудита в Республике Казахстан», от 3 сентября 2013 года № 634.
2. Проект Закона Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле», который постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2013 года № 1446 внесен на рассмотрение в Мажилис Парламента Республики Казахстан.
3. Правила взаимодействия органов государственного финансового контроля (Утверждены совместным приказом Председателя Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета от 28 сентября 2012 года № 115-од и Министра финансов Республики Казахстан от 26 сентября 2012 года № 442).
4. Международные стандарты для высших органов финансового контроля (ISSAI) изданы Международной организацией высших органов финансового контроля. (INTOSAI) // www.intosai.org.
5. Зейнельгабдин А.Б. «Финансовая система Казахстана: становление и развитие». Монография. – Астана, изд. КазУЭФМТ, 2008 г. – 226 стр.





Г. ТЕМІРБОЛАТ

«ҚБЗО» РМК ғылыми консультант-талдаушысы,
Қазақстан Республикасының салық консультанты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БЮДЖЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ САЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ КӨРСЕТКІШІН БАҒАЛАУДЫҢ ӘДІСТЕРІН ЕНГІЗУ

2014 жылы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық» РМК елдің салық салынатын әлеуетін мониторингілеудің халықаралық тәжірибесіне зерттеу жүргізіп, оны қолдану бойынша әдіснамалық нұсқаулар әзірледі. Осы мақалада Салық әлеуетін бағалаудың әдіснамалық тәсілдері және оны іс жүзінде қолданудың аспектілері қарастырылған.

Мемлекет басшысы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттің жаңа даму деңгейіне өту жөніндегі қойылған міндеттерге қол жеткізудегі бюджет және салық жүйелерінің елеулі рөлін атап өткен болатын. Бизнес деңгейіндегі салық саясаты ішкі өсімді және сыртқы нарыққа отандық экспортты ынталандыруы тиіс, ал азаматтар деңгейінде олардың жинақтарын, салымдарын ынталандыруы қажет [1].

Қойылған міндеттерді іске асыру үшін «Салық әлеуеті» көрсеткішінің рөлі маңызды, өйткені салық, бір жағынан, фискалдық саясат құралы болса, ал екінші жағынан, мемлекеттің кірістері мен қаржы ресурстарын қайта бөлудегі негізгі құралы бола отырып, мемлекеттегі экономикалық процестерді макро және микродеңгейлерде реттеп отырады.

Мемлекет Қазақстан халқының әлеуметтік кепілдіктерін тең дәрежеде қамтамасыз ету мақсатында кірістерді қайта бөлуді, сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік маңызды жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыруды жүзеге асырады [2].

«Салық әлеуеті» ұғымын айқындауға қатысты мынаны атап өтуге болады, қазіргі уақытта, Қазақстан заңнамасында мұндай ұғым жоқ. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде (бұдан әрі – Бюджет кодексі) жалпы сипаттағы трансферттердің мөлшері салықтық әлеуетті

ескере отырып есептелуі тиіс екендігі жанама түрде атап көрсетілген [3,4]. Мәселен, Бюджет кодексінің 45-бабының 6-тармағына сәйкес, жалпы сипаттағы трансферттерді айқындау кезінде өңірдің салықтық әлеуеті ескерілуі қажет.

Сонымен бірге, бақылау-талдау іс-шарасы барысында анықталып отырғандай, «Салық әлеуеті» ұғымы және түрлі өлшемдерді, өңірлер экономикасының салалық құрылымын, салалар бөлінісіндегі салықтық жүктеменің орташа деңгейін ескере отырып, бюджетке түсетін барлық түсімдердің нақты көрсеткіштеріне негізделген аталған ұғымды айқындаудың әдістемесі заңнамалық тұрғыдан бекітілмеген [4, 5].

Салық әлеуетінің экономикалық мазмұны және оны бағалаудың әдістемесі, сондай-ақ осы көрсеткішті практикалық тұрғыдан қолдану мәселелері нормативтік құқықтық актілерде айқындалмаған. Болжам жасау мақсатында бюджетке түсетін кірістердің түсімі бойынша болжамды деректер айқындалатын салық әлеуетінің, салық жинаудың көрсеткіштері, сондай-ақ салық базасын есептеудің әдістемесі әлі күнге дейін Қазақстанда экономикалық-статистикалық көрсеткіштер болып табылмаған.

Осы көрсеткіштердің мәртебесінің айқындалмауы салық-бюджет саясатының тиімділігін төмендетеді. Дегенмен, мысалы, орташа жинау көрсеткішінің тіпті бірнеше пайызға құлдырауы салықтардың айтарлықтай кем

түсуіне алып келуі мүмкін. Сондықтан, Салық әлеуетінің және салық жинаудың көрсеткіштерін, оларды бағалау әдістерін, салық түсімдерін болжау әдістерін, сондай-ақ Салық әлеуетін бағалаудың нәтижелерін пайдаланудың тәртібін айқындауды бюджет-салықты жоспарлаудың және статистикалық есептің толық құқылы құралдары ретінде қарау қажет.

Қазіргі бюджетаралық реттеу жүйесі жекелеген жағдайларда өңірлік билікті әкімшілік-аумақтық бөліністің (бұдан әрі - ӘАБ) Салықтық әлеуетіне нақты бағалау жүргізуге және салықтық әкімшілік етуді жақсартуға ынталандырмайды.

Сол себептен, мемлекет үшін Салық әлеуетін бағалау әдістерін және тиісінше Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін салық түсімдері бойынша нақты көрсеткіштерді белгілеуді қамтамасыз ететін салық түсімдерін болжау әдістерін енгізу мәселесі өзекті болып отыр. Болжамдық көрсеткіштер бойынша бұрыс деректер салықтық қатынастарды ушықтырып, салық органдары тарапынан салық заңнамасына қайшы келетін шешімдердің қабылдануына ықпал етеді, жемқорлық құқық бұзушылықтарды туындатып, Қазақстанның инвестициялық ахуалын нашарлатады, бұл Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) шеңберіндегі қатынастарды дамытып, ДСҰ-ға кіруге ұмтылған тұста қазақстандық бизнестің дамуына айтарлықтай дәрежеде кері әсер ететін болады.

Сонымен қатар, Салық әлеуеті көрсеткішін енгізу бюджетаралық қатынастардағы келеңсіз ағымдағы үрдістерді барынша азайтуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің бағалауынша, бюджетке түсетін салық түсімдері бойынша жоспарлар негізінен заңнамада көзделген бюджетті нақтылаудың есебінен орындалуда, яғни бұл жоспарлау сапасының қандай дәрежеде екендігін көрсетеді [4]. Соңғы жылдары алдағы кезеңдердің есебінен авансылау нәтижесінде республикалық бюджет кірістері бойынша жоспарлардың көрсеткіштеріне қол жеткізу үрдісі белең алуда. Бұл ретте мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған салықтық және кедендік әкімшілік етудің тиімділігін арттыру, заңнамаға тиісті өзгерістерді енгізу мәселелеріне байланысты бюджет шығындарының проблемалары шешілмеген.

Сонымен бірге, жергілікті деңгейде өңірлер түсімдер болжамын төмендетуге әрекет етуде. Осыған байланысты, жергілікті атқарушы органдарды өздерінің кіріс базасын ұлғайтуға, инвестициялық қызметті жандандыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға ынталандырудың оңтайлы тәсілдерін іздеу өңірлік және республикалық деңгейде өзара іс-қимыл жасау тұрғысынан бюджеттік жоспарлау жүйесінің маңызды элементі болып табылады.

Тиісінше, жалпы сипаттағы трансферттерді есептеудің әдістемесіне салық әлеуеті көрсеткішін енгізе отырып, аталған әдістемені жетілдіру қажет. Бюджет кірісін жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның жергілікті атқарушы органдардың деректерімен салыстыра отырып тексеруден өткен деректері трансферттерді есептеуде негізге алынатын болады және бұл ретте жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары оларды қабылдамау-

дың себептерін міндетті түрде негіздеп немесе мақұлдай отырып қаралады.

Қазақстанда салық әлеуеті көрсеткішін енгізу кезінде әлемдік оң тәжірибені, сондай-ақ еліміздің бюджет және салық қатынастарындағы ерекшеліктерді ескеру қажет.

Халықаралық тәжірибеде салық әлеуеті бюджетаралық қатынастарды түзу процесінде, әсіресе түзетуші трансферттерді бөлу кезінде, сол сияқты фискалдық органдардың жұмысының және салық заңнамасының, соның ішінде салықтық әкімшілік ету туралы норманың тиімділігін бағалау процесінде пайдаланылады.

Дамыған елдердің басым көпшілігінде трансферттердің мөлшерін анықтау үшін бюджеттердің кіріс мүмкіндіктері дәл осы салық әлеуетінің көрсеткішімен белгілі бір салық түрлері бойынша бағаланады. Сонымен бірге, ортақ тәжірибеге бағынбайтын тұстар да кездеседі. Мәселен, Австралияда штаттардың кіріс мүмкіндіктерін жалпы бағалау бюджеттің салықтық, сол сияқты салықтық емес түсімдерін де қамтиды.

Уақыт өте келе, әр жеке бір елде салық әлеуетін айқындаудың ережесі есеп-қисаптардың дәлдігі мен толықтығы немесе олардың қарапайымдылығы мен айқындығы арасында таңдауды жүзеге асыру шеңберінде белгілі бір кезең ішінде түзетіліп отырады.

Салық әлеуетін бағалау кезінде есептеулердің күрделі, сол сияқты қарапайым түрлері де қолданылады.

Салық әлеуетін анағұрлым дәл бағалаудың тәсілі ретінде АҚШ пен Канада да қолданылатын тәсілдерді атап өтуге болады, олар өздерінің бюджет және салық құрылымы бойынша да, сол сияқты Салық әлеуетін бағалау әдістемесі бойынша да бір-біріне ұқсас болып келеді.

Мәселен, АҚШ-та 1980 жылдардан бастап штаттардың салық әлеуеті ең күрделі әрі ауқымды бағалау арқылы жүргізіледі, бұл бағалау 27 салық тобын қамтитын репрезентативтік салық жүйесіне (РСЖ) негізделген [6].

Бұл ретте салықтың әрбір тобы үшін репрезентативтік салықтық база әзірленіп, репрезентативтік (орташа өлшемді) салықтық ставкалар есептелген. Репрезентативтік салықтық базалар мен ставкалардың көбейтілген сомасы арқылы Салық әлеуетінің бағасы шығарылады, ол әрбір жеке штаттың кіріс мүмкіндіктерін анағұрлым дәл әрі толық бағалайды. Дәл осындай тәсіл Канадада да қолданылады.

Алайда, РСЖ әдісі деректерге аса талапшыл келеді (саны және сапасы бойынша), бұл кейбір елдерде оны қолдануға кедергі келтіруі мүмкін. Сонымен қатар, осы әдісті қолданудың тиімділігі жергілікті билік органдарының жергілікті салықтарды және жергілікті салықтардың заттай деңгейін белгілеу бойынша шешім қабылдаудағы дербестігіне тікелей байланысты. Осыған байланысты, аталған әдіске салынған ұғым бюджет және салық қатынастары құрылымының көрсетілген талаптарына сай келетін көптеген елдерде табысты пайдаланылуда.

РСЖ әдісінде Салық әлеуеті бойынша анағұрлым дұрыс деректердің қолданылып отырғанына қарамастан, қарастырылып отырған елдердің бірқатарында Салық әлеуетін бағалаудың әлдеқайда қарапайым әрі жеңіл әдістері, атап айтқанда, «ықшамдалған РСЖ жүйесі» пайдаланылуда.

Көптеген елдерде Салық әлеуетін бағалау әдістемесін жеңілдету үшін салықтардың барлығын емес, тек кейбір маңызды түрлерін ғана пайдаланады. Мысалы, Салық әлеуетін бағалау көбінесе өңірлік бюджеттерге негізгі түсімдерді қамтамасыз ететін бір немесе бірнеше салық түрлері бойынша жүргізіледі. Бұл ретте осы кіріс түрлерінің әрқайсысы бойынша Салық әлеуетін есептеу РСЖ әдісіндегі есептеулерге ұқсас болып келеді, яғни орташа салық ставкаларын және орташа жиналатын салықтарды ескере отырып салықтық база бойынша Салық әлеуеті есептеледі [6].

Осындай «ықшамдалған» РСЖ әдісін Қазақстанда жергілікті бюджетке түсетін салықтарды және олар бойынша салықтық жеңілдіктерді белгілеудегі жергілікті билік органдарының рөлін одан әрі күшейту саясатын іске асыруды ескере отырып, жергілікті бюджеттің бірқатар салықтарының Салық әлеуетін бағалау үшін пайдалануға болады.

Халықаралық тәжірибені, мемлекеттік құрылымды, бюджет және салық қатынастары принциптерін ескере отырып, Қазақстан үшін мынадай Салық әлеуеті ұғымын енгізген орынды болады деп есептейміз:

Салық әлеуеті – әкімшілік-аумақтық бөліністің бюджетіне түсуі ықтимал салық түсімдерінің мөлшері, ол белгіленген салық жүйесіне сәйкес есептелетін салықтардың белгіленген тізбесі бойынша салықтық әкімшілік етудің орташа деңгейі кезінде оның даму деңгейіне, экономикасының құрылымына және салықтық базасына сүйене отырып есептеледі.

Осы анықтамада мынадай себептер бойынша оның әмбебаптығы негізгі болып табылады:

- Салық әлеуетін есептеу кезінде бюджетке түсетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің барлығы бірдей пайдаланыла бермейді, өйткені олардың бір бөлігі өздерінің мәні бойынша материалдық болып саналмайды;

- салық әлеуетін бағалауға арналған салықтар тізбесі жалпы елімізде республикалық және жергілікті бюджеттер үшін әртүрлі болып табылады;

- салықтарды есептеуде қолданылатын талаптар қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес белгілі бір кезең үшін белгіленуі мүмкін. Салық әлеуетін есептеу кезінде кез келген жаңадан енгізілетін салықтар не болмаса енгізіледі деп болжанып отырған салықтар немесе оларды есептеу мен төлеудің шарттары ескерілетін болады.

Іс жүзінде әкімшілік-аумақтық бөліністің салық әлеуеті деп осы өңірде қолданылатын жекелеген салықтардың көбейтілген сомасын айтады, ал нақты салық әлеуеті деп салықтың заттылығына, ақпараттың қолжетімділігіне және қолданыстағы заңнамаға байланысты уәкілетті орган айқындаған әдістің негізінде есептелетін белгілі бір кезең ішінде түсетін ықтималды ең көп соманы айтуға болады.

Салық базасына негізделген салық әлеуетін бағалау әдістері анағұрлым дәл әрі объективті болып есептеледі және оларды бюджеттің материалдық салықтары үшін қолдануға болады, ал нақты көрсеткіштерге негізделген әдістерді бюджет кірісінде үлесі төмен салықтардан түсетін кірістердің әлеуетін бағалау үшін пайдалануға болады.

Сондай-ақ салық әлеуетін бағалау кезінде бір бюджеттің аясында әртүрлі салықтар бойынша әртүрлі әдістерді қолдану аумақтық билік органдарының кейбір кіріс көздері бойынша дербестігінің болуын талап етеді.

Тіпті шектеулі салықтық өкілеттіктері болса да, аумақтық билік органдары әдетте салықтық базаға бірқатар сыртқы экономикалық немесе әкімшілік ықпал ету тәсілдерін қолдана алады. Осыған байланысты, салық әлеуетін бағалаудың қарастырылған әдістерін фискалдық орталықсыздандырудың кез келген дәрежесінде немесе толығымен орталықтандырылған салық жүйесі кезінде пайдалануға болады, бұл салық әлеуетін бағалау мен қолданудың қазақстандық тәжірибесін қалыптастыру үшін пайдалы болып табылады.

Салық әлеуетін бағалау кезінде қолданылатын тәсіліне қарай үш негізгі параметрді:

- қолданыстағы салық салу жүйесін;
- таңдап алынған салық саясатын;
- салықтық базаны айқындайтын экономикалық ресурстардың жиынтық көлемін белгілеп алу қажет.

Ресей Федерациясының (РФ) оң тәжірибесін Қазақстанда да енгізуге болады, мұнда, яғни Ресейде 1999 жылдан бастап өңірдің салық әлеуеті өңірдің салық паспортын жасау негізінде айқындалады, салық паспорты -РФ субъектісінің экономикалық даму ерекшелігін кешенді түрде сипаттайтын көрсеткіштер жүйесін қамтитын құжат. Өңірдің салық паспорты макроэкономикалық жағдайдың даму үрдістерін, өңірдің салықтық базасына әртүрлі факторлардың ықпалын, салық түрлері бойынша салықтық жүктеменің серпін түріндегі деңгейін көрсететін параметрлер жүйесін қамтиды. Өңірдің салық паспорты өңірдегі салықтардың барлық түрлері бойынша салықтық базаны объективті айқындауға мүмкіндік береді. Келтірілген көрсеткіштердің негізінде қандай да бір әкімшілік-аумақтық бөліністің салық әлеуетін есептеудің ақпараттық базасы қалыптасады. Мұндай база өңірдің экономикалық өсу мүмкіндіктерін және тиісінше салық түсімдерінің өсу көлемін сипаттайды. Бұл барлық деңгейдегі бюджеттерді кезекті қалыптастыру кезінде айрықша маңызды, өйткені осы бюджеттерде субсидия, субвенция, дотация және трансферт түріндегі республикалық ресурстарға деген өңірлердің қажеттіліктері анық көрсетілуі тиіс.

Әкімшілік-аумақтық бөліністің әрбір салығының салықтық әлеуеті барынша көп салық жинау мүмкіндігін объективті бағалауға мүмкіндік беретін әдістердің негізінде бағалана отырып, мынадай объективті жағдайларға сүйенуі қажет:

- салықтық базаны есептеу тәртібін және салық салынатын объектіні;
- салық бойынша белгіленген салықтық ерекшеліктер мөлшерінің (соның ішінде салықтық жеңілдіктердің) Салық әлеуетіне ықпалын;
- бюджет үшін салықтың заттылығын;
- салық әлеуетін бағалаудың қандай да бір әдісіне қатысатын көрсеткіштерді есептеу үшін ақпарат алу мүмкіндігін.

Салық әлеуеті жалпы Қазақстан үшін, сол сияқты облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана үшін жеке-жеке белгіленуі тиіс.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың салықтық әлеуеттерін бағалау үшін әкімшілік-аумақтық бөліністің салық әлеуетін бағалауға қатысатын салықтардың тізбесі бірдей болуы тиіс, бұл трансферттерді бөлу кезінде бағаларды салыстыру үшін қажет. Бұл ретте материалдық емес салықтарды, соның ішінде салықтық емес түсімдерді нақты түсімдер әдісі бойынша салық әлеуетіне бағалау жүргізе отырып бір топқа біріктіруге болады.

Жалпы сипаттағы трансферттердің (ЖСТ) көлемін төмендегі формула бойынша Бюджет кодексіне сай есептелген шығындарды шегере отырып, жергілікті бюджеттің салық әлеуетінің және салықтық емес түсімдерінің сомасы ретінде айқындау ұсынылады:

ЖСТі = СӘі + ББСТ і - ШБКі, мұнда:

ЖСТі – жалпы сипаттағы трансферттер көлемі;

СӘі – салық әлеуеті;

ББСТі – бюджеттің болжанған салықтық емес түсімдері;

ШБКі, – шығындардың болжанған көлемі;

і – тиісті ӘАБ.

Бұл ретте жалпы сипаттағы трансферттердің мөлшерін айқындау есебіне енгізілетін бюджеттің салықтық емес түсімдері тиісті нормативтік құқықтық актімен аударылып белгіленуі тиіс.

Есептеудің нәтижелері бойынша жергілікті бюджеттің салық әлеуеті және болжанған салықтық емес түсімдері болжанған шығындар көлемінен асып кеткен жағдайда (ЖСТі > 0), жергілікті бюджеттен жоғары тұрған бюджетке бюджеттік алулар белгіленеді. Ал болжанған шығындар көлемі салық әлеуетінен және салықтық емес түсімдерден асып кеткен жағдайда (ЖСТі < 0), өңірлерге жоғары тұрған бюджеттен субвенциялар бөлінеді.

Тиісті уақыт кезеңі ішінде жүргізілетін салық әлеуетінің қорытынды формуласын былай көрсетуге болады:

НПАТЕ = $\sum (ППН_{1-n} \times КСН_{PK1-n} \times КНА_{PK1-n})$, мұнда:

НПАТЕ – ӘАБ-нің салық әлеуеті;

БСТ – бюджет түсімдерін болжау әдістемесіне сай болжанған салық түсімдері;

1-n – салық әлеуетін бағалауда қолданылатын белгіленген салықтардың тізбесі;

СӘК_{кр} – құжаттық тексерулерге сай әрбір салық бойынша салықтық әкімшілік ету коэффициенті;

СЖК_{кр} – әрбір салық бойынша жинау коэффициенті.

Іс жүзінде салық әлеуетін мынадай реттілікпен бағалау қажет:

- әкімшілік-аумақтық бөліністің салықтық әлеуетін анықтау үшін салықтардың тізбесі айқындалады;

- әкімшілік-аумақтық бөліністің салықтық әлеуетін есептеу үшін қабылданған әрбір салық үшін салық әлеуетін бағалау әдістемесінің сақталуы тексеріледі. Бұл ретте қандай да бір әдіс үшін қолданылатын көрсеткіштер бағалау кезеңіне қарай немесе салық әлеуетінің көрсеткішін қолдану мақсатына қарай өзгеруі мүмкін;

- салық әлеуетін бағалауға қатысатын көрсеткіштер үшін ақпарат жинау жүргізіледі және осы көрсеткіштер мөлшерінің бұдан бұрын салық әлеуетін есептеу кезінде қолданылған мөлшерлерге сәйкестігі тексеріледі;

- жекелеген салықтардың салықтық әлеуетіне және ӘАБ-нің салықтық әлеуетіне бағалау жүргізіліп, алынған нәтиже бұдан бұрын белгіленген салық әлеуетінің мөлшерімен салыстырылады.

Салық әлеуеті көрсеткішін қолдану үшін Қазақстанда мынадай іс-шаралар жүргізу ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне Салық әлеуеті анықтамасын енгізу;

- Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесіне салық әлеуеті көрсеткішін қоса отырып өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

- Бюджет түсімдерін болжау әдістемесіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу не оны жаңа редакцияда шығару [7];

- салық әлеуетін бағалау әдістемесін нормативтік тұрғыдан бекіту;

- ӘАБ-нің салық паспортын әзірлеп енгізу;

- аумақтық салық органдарының жұмысын бағалау жүйесіне Салық әлеуеті көрсеткішін енгізу;

- Салық әлеуетін бағалау үшін, соның ішінде бюджет түсімдерін болжау және салықтардың жиналу коэффициентін есептеу үшін қажетті деректерді есептеудің дұрыстығын тексерудің тәртібі туралы нормативтік акт әзірлеу.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы
2. А.Б. Зейнелғабдин, Салық салудың, бюджет шығыстарының айқындығы проблемалары, 2004 жыл
3. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы 95-IV Бюджет кодексі, 2014 жылғы 29 желтоқсандағы жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен
4. А.М. Мұхаметкәрім, «2011-2013 жылдары республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге және астананың бюджетіне субвенциялар бөлуінің негізділігі мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде жүргізілген бақылау-талдау іс-шарасының қорытындысы», 2014 жыл
5. А.М. Мұхаметкәрім, Есеп комитетінің талдамалық қызметінің тиімділігі – мемлекеттік аудитке көшудің негізі. // Мемлекеттік аудит - Государственный аудит, № 4, 2014ж., 26-29-бет.
6. И.В. Старостин, «Анализ существующих методик оценки налогового потенциала региона и муниципального образования», ЗАО АКФ «Современные бизнес-технологии», 2003 жыл
7. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Е.А. Досаевтың 2013 жылғы 23 мамырдағы № 149 бұйрығымен бекітілген Бюджет түсімдерін болжау әдістемесі.

Г. ТЕМИРБОЛАТ

научный консультант-аналитик РГП «ЦИФН»,
налоговый консультант Республики Казахстан

ВНЕДРЕНИЕ МЕТОДОВ ОЦЕНКИ ПОКАЗАТЕЛЯ «НАЛОГОВЫЙ ПОТЕНЦИАЛ» КАК ОСНОВЫ МЕЖБЮДЖЕТНЫХ ОТНОШЕНИЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В 2014 году РГП «Центр по исследованию финансовых нарушений» Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета было проведено исследование международного опыта мониторинга налогооблагаемого потенциала страны с выработкой методологических руководств по его применению. В настоящей статье представлены методологические подходы оценки Налогового потенциала и аспекты его практического применения.

Главой государства в Послании народу Казахстана от 14 декабря 2012 года «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» выделена значительная роль бюджетной и налоговой систем в достижении поставленных задач по переходу развития государства на новый уровень. Налоговая политика на бизнес-уровне должна стимулировать внутренний рост и отечественный экспорт на внешние рынки, а на уровне граждан – стимулировать их накопления, сбережения и вложения [1].

Для реализации поставленных задач высокая роль принадлежит показателю «Налоговый потенциал», так как налоги представляют собой, с одной стороны, инструмент фискальной политики, а с другой – регулируют экономические процессы в государстве на макро- и микро-уровнях, являясь главным инструментом государства по перераспределению его доходов и финансовых ресурсов.

Государство осуществляет перераспределение доходов в целях обеспечения равных социальных гарантий населению Казахстана, а также финансирование сфер экономики, проектов и программ, имеющих экономическое и социальное значение [2].

В отношении определения понятия «Налоговый потенциал» следует отметить, что в настоящее время в законодательстве Казахстана оно отсутствует. Бюджетный кодекс Республики Казахстан (далее – Бюджетный кодекс) лишь косвенно упоминает о том, что расчет размеров трансфертов общего характера должен производиться с учетом Налогового потенциала [3,4]. Так, в соответствии с п.6 ст.45 Бюджетного кодекса при определении трансфертов общего характера должен учитываться налоговый потенциал региона.

Между тем, в ходе контрольно-аналитического мероприятия установлено, что нет законодательного закрепления понятия «Налоговый потенциал» и методики его определения, основанной на реальных показателях всех поступлений в бюджет с учетом различных критериев, отраслевой структуры экономики регионов, средних уровней налоговой нагрузки в разрезе отраслей и т.п. [4, 5].

Экономическое содержание и методика оценки Налогового потенциала, а также вопросы практического применения данного показателя в нормативных правовых актах не определены. Показатели Налогового потенциала, собираемости налогов, а также методика расчета налоговой базы для целей прогнозирования, на основе которых определяются прогнозные данные по поступлению доходов в бюджет, до сих пор не являются признанными экономико-статистическими показателями в Казахстане.

Неопределенный статус этих показателей снижает эффективность налогово-бюджетного процесса. Хотя, например, падение среднего показателя собираемости даже на несколько процентов влечет за собой значительный недобор налогов. Именно поэтому показатели Налогового потенциала и собираемости налогов, методы их оценки, методы прогнозирования налоговых поступлений, а также определение порядка использования результатов оценки Налогового потенциала должны рассматриваться в качестве полноценных инструментов бюджетно-налогового планирования и статистического учета.

Существующая система межбюджетного регулирования в отдельных случаях не стимулирует региональные власти к проведению реальной оценки Налогового потенциала административно-территориальной единицы (далее – АТЕ) и улучшению налогового администрирования.

Поэтому для государства стали актуальными вопросы внедрения методов оценки Налогового потенциала и, соответственно, методов прогнозирования налоговых поступлений, обеспечивающих установление реальных показателей по налоговым поступлениям в Национальный фонд Республики Казахстан, республиканский и местные бюджеты. Необъективные данные по прогнозным показателям увеличивают напряженность налоговых отношений, способствуют принятию решений налоговых органов, не соответствующих налоговому законодательству, порождают коррупционные правонарушения, ухудшают инвестиционный

климат Казахстана, что в значительной степени оказывает негативное влияние на развитие казахстанского бизнеса при развитии отношений в рамках Евразийского экономического союза (ЕАЭС) и вступлении в ВТО.

Кроме того, внедрение показателя «Налоговый потенциал» позволит минимизировать ряд негативных текущих тенденций в межбюджетных отношениях. По оценке Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета Республики Казахстан планы по налоговым поступлениям в бюджет зачастую выполняются за счет предусмотренных законодательством уточнений бюджета, что также характеризует качество планирования [4]. В течение последних лет имеет место тенденция достижения показателей исполнения планов по доходам республиканского бюджета за счет авансирования в счет будущих периодов. При этом проблемы потерь бюджета, связанные с вопросами эффективности налогового и таможенного администрирования, внесения соответствующих изменений в законодательство, направленными на обеспечение экономической безопасности государства, не решены.

Вместе с тем, на местном уровне регионы пытаются занижить прогноз поступлений. В этой связи важным элементом системы бюджетного планирования, с точки зрения взаимодействия регионального и республиканского уровней, является поиск оптимальных способов мотивации местных исполнительных органов к увеличению своей доходной базы, стимулированию инвестиционной деятельности, созданию новых рабочих мест.

Следовательно, требует совершенствования методика расчетов трансфертов общего характера с включением в нее показателя «Налоговый потенциал». Основой расчета трансфертов станут данные уполномоченного органа по планированию доходов бюджета, прошедшие процедуру сверки с данными местных исполнительных органов, и обязательное рассмотрение предложений последних с обоснованием причин их непринятия или одобрения.

При внедрении показателя «Налоговый потенциал» в Казахстане необходимо учесть положительные примеры мировой практики, а также особенности бюджетных и налоговых отношений нашей страны.

В международной практике Налоговый потенциал используется как в процессе построения системы межбюджетных отношений, в особенности при распределении выравнивающих трансфертов, так и в процессе оценки эффективности работы фискальных органов и оценке эффективности налогового законодательства, включая нормы о налоговом администрировании.

В большинстве развитых стран доходные возможности бюджетов для определения размеров трансфертов оцениваются именно показателем «Налоговый потенциал» по определенному количеству видов налогов. Вместе с тем, имеются и исключения из общей практики. Так, в Австралии общая оценка доходных возможностей штатов включает как налоговые, так и неналоговые поступления бюджетов.

С течением времени правила определения Налогового потенциала в каждой отдельной стране корректируются с определенной периодичностью в рамках

осуществления выбора между точностью и полной расчетов или их простотой и прозрачностью.

Применяются как сложные, так и очень простые расчеты по оценке Налогового потенциала.

В отношении подхода, имеющего цель более точной оценки Налогового потенциала, можно привести пример США и Канады, схожих как по структуре бюджетных и налоговых систем, так и по методике оценки Налогового потенциала.

Так, в США с 1980-х годов производится наиболее сложная и трудоемкая оценка Налогового потенциала штатов, которая основывается на репрезентативной налоговой системе (РНС), включающей в себя 27 групп налогов [6].

При этом для каждой группы налога разработана репрезентативная налоговая база и рассчитаны репрезентативные (средневзвешенные) налоговые ставки. Сумма произведений репрезентативных налоговых баз и ставок и дает оценку Налогового потенциала, которая достаточно точно и полно оценивает доходные возможности каждого отдельного штата. Аналогичный подход применяется и в Канаде.

Однако метод РНС весьма требователен к данным (и по количеству, и по качеству), что в некоторых странах может послужить препятствием к его применению. Кроме того, эффективность применения данного метода напрямую зависит от уровня самостоятельности местных органов власти в принятии решений по установлению местных налогов и уровня материальности местных налогов. В связи с чем понятия, заложенные в этот метод, с успехом используются в большинстве стран, соответствующих указанным условиям устройства бюджетных и налоговых отношений.

Несмотря на то, что метод РНС предоставляет достаточно корректные данные по Налоговому потенциалу, в ряде рассматриваемых стран используются более простые и менее трудоемкие методы оценки Налогового потенциала, в частности «усеченный метод РНС».

Многие страны для упрощения методики оценки Налогового потенциала используют не все виды налогов, а только наиболее значимые. Например, зачастую оценка Налогового потенциала производится по одному или двум видам налогов, которые обеспечивают основные поступления в региональные бюджеты. При этом собственно расчет Налогового потенциала по каждому из этих видов доходов производится аналогично расчетам в методе РНС, то есть по налоговой базе, с учетом средних налоговых ставок и средней собираемости налогов [6].

Такой «усеченный» метод РНС может быть применен для оценки Налогового потенциала ряда налогов местного бюджета в Казахстане, с учетом реализации политики дальнейшего увеличения роли местных органов власти в установлении налогов, поступающих в местный бюджет, и налоговых льгот по ним.

Учитывая международный опыт, с учетом государственного устройства и принципов бюджетных и налоговых отношений, для Казахстана целесообразным является введение следующего определения понятия Налогового потенциала:

Налоговый потенциал – это величина налоговых поступлений, которые могут быть получены бюджетом административно-территориальной единицы, исходя из ее уровня развития и структуры экономики и (или) налоговой базы, при среднем уровне налогового администрирования по установленному перечню налогов, исчисляемых в соответствии с установленной налоговой системой.

Основным в данном определении является его универсальность по следующим причинам:

- не все налоги и другие обязательные платежи в бюджет могут использоваться при расчете Налогового потенциала, так как часть из них является нематериальными по своим значениям;
- перечни налогов для оценки Налогового потенциала в целом по стране, для республиканского и местного бюджетов являются разными;
- применяемые условия исчисления налогов могут быть установлены действующим налоговым законодательством на определенный период времени. При расчете Налогового потенциала могут учитываться любые новые вводимые, либо предполагаемые к введению налоги или условия их исчисления и уплаты.

В практических целях под Налоговым потенциалом АТЕ можно понимать сумму потенциалов всех действующих в данной местности отдельных налогов, а под потенциалом конкретного налога – максимально возможную за определенный период сумму поступлений, рассчитываемую на основании метода, определенного уполномоченным органом в зависимости от материальности налога, доступности информации и применяемого законодательства.

Методы оценки Налогового потенциала, базирующиеся на налоговой базе, являются наиболее точными и объективными и могут быть применены для материальных налогов бюджета, а методы, базирующиеся на фактических показателях, могут применяться для оценки потенциала по генерированию доходов от налогов, имеющих низкую долю в доходах бюджета.

Необходимо также отметить, что применение разных методов при оценке Налогового потенциала по разным налогам в рамках одного бюджета подразумевает наличие автономии территориальных органов власти хотя бы в отношении некоторых доходных источников.

Тем не менее, можно утверждать, что даже в случае крайне ограниченных налоговых полномочий территориальные органы власти, как правило, имеют ряд внеэкономических или административных способов влияния на налоговую базу. В связи с этим применение рассмотренных методов оценки Налогового потенциала возможно в контексте практически любой степени фискальной децентрализации или полностью централизованной налоговой системы, что также является полезным для формирования казахстанской практики оценки и применения Налогового потенциала.

При оценке Налогового потенциала, в зависимости от применяемого метода, следует установить следующие три основных параметра:

- действующую систему налогообложения;
- избранную налоговую политику;

- совокупный объем экономических ресурсов, определяющих налоговую базу.

Положительной практикой Российской Федерации (РФ), которая может быть внедрена и в Казахстане, является то, что Налоговый потенциал региона в России с 1999 года определяется на основе составления налогового паспорта региона – документа, комплексно характеризующего особенности экономического развития субъекта РФ. Налоговый паспорт региона содержит систему показателей, отражающих тенденции развития макроэкономической ситуации, воздействие различных факторов на налоговую базу региона и уровень налоговой нагрузки по видам налогов в динамике. Налоговый паспорт региона позволяет объективно определить налоговую базу по всем видам налогов в регионе. На основе приведенных показателей складывается информационная база расчета Налогового потенциала той или иной административно-территориальной единицы. Такая база характеризует возможности экономического роста региона и соответствующий рост объемов налоговых поступлений. Это имеет исключительное значение при очередном формировании бюджетов всех уровней, поскольку в них должны более достоверно отражаться потребности регионов в республиканских ресурсах в виде субсидий, субвенций, дотаций и трансфертного финансирования.

Налоговый потенциал каждого из налогов административно-территориальной единицы должен оцениваться на основании тех методов оценки, которые позволяют объективно оценить максимальную возможность сбора налога, исходя из следующих объективных обстоятельств:

- порядка исчисления налоговой базы и объекта налогообложения налога;
- влияние на Налоговый потенциал размера налоговых исключений, установленных по налогу (в том числе налоговых льгот);
- материальности налога для бюджета;
- возможности получения информации для расчета показателей, участвующих в том или ином методе оценки Налогового потенциала.

Налоговый потенциал должен отдельно определяться как для Казахстана в целом, так и для областей, города республиканского значения и столицы.

Для оценки Налоговых потенциалов областей, города республиканского значения и столицы перечень налогов, участвующих в оценке Налогового потенциала АТЕ, должен быть одинаковым, чтоб сопоставить оценки при распределении трансфертов. При этом нематериальные налоги, в том числе неналоговые поступления бюджета, могут быть объединены в одну группу с проведением оценки Налогового потенциала по методу фактических поступлений.

Объемы трансфертов общего характера (ТОХ) предлагается определить как сумму Налогового потенциала и неналоговых поступлений местного бюджета за вычетом затрат, рассчитанных согласно Бюджетному кодексу, по следующей формуле:

$$ТОХ_i = НП_i + НПБ_i - ПОЗ_i, \text{ где:}$$

ТОХі – объемы трансфертов общего характера;

НПі – Налоговый потенциал;

НПВ і – прогнозируемые неналоговые поступления бюджета;

ПОЗі – прогнозируемые объемы затрат и

і – соответствующая АТЕ.

При этом неналоговые поступления бюджета, включаемые в расчет определения размеров трансфертов общего характера, должны быть перечислены и установлены соответствующим нормативным правовым актом.

По результатам расчета, при превышении Налогового потенциала и прогнозируемых неналоговых поступлений местного бюджета над прогнозируемыми объемами затрат (ТОХі>0) устанавливаются бюджетные изъятия из МБ в вышестоящий бюджет. А при превышении прогнозируемых объемов затрат над Налоговым потенциалом и прогнозируемыми неналоговыми поступлениями (ТОХі<0) регионам выделяются субвенции из вышестоящего бюджета.

Обобщенную формулу оценки Налогового потенциала, которая производится за соответствующий период времени, можно отобразить следующим образом:

$$НП_{АТЕ} = \sum (ППН_{1-n} \times КСН_{ПК1-n} \times КНА_{ПК1-n}), \text{ где:}$$

НП_{АТЕ} – Налоговый потенциал АТЕ;

ППН – прогнозируемые поступления налогов согласно Методике прогнозирования поступлений бюджета;

1-n – перечень установленных налогов, применяемый в оценке Налогового потенциала;

КНАРК – коэффициент налогового администрирования по каждому налогу согласно документальным проверкам, включая вопросы борьбы с ненаблюдаемой экономикой;

КСНРК – коэффициент собираемости по каждому налогу.

На практике оценку Налогового потенциала следует производить в следующей последовательности:

- определяется перечень налогов для определения Налогового потенциала АТЕ;

- проверяется соблюдение методики оценки Налогового потенциала для каждого из налогов, принятых для расчета Налогового потенциала АТЕ. При этом метод или показатели, применяемые для того или иного метода, могут меняться в зависимости от периода оценки или цели применения показателя Налогового потенциала и объекта оценки через данный показатель;

- производится сбор информации для показателей, участвующих в оценке Налогового потенциала, и проверяется соответствие размеров данных показателей размерам, примененным ранее при расчете Налогового потенциала;

- производится оценка Налогового потенциала отдельных налогов и Налогового потенциала АТЕ с дальнейшим сравнением результата с установленным ранее размером Налогового потенциала.

Для применения показателя «Налоговый потенциал» в Казахстане предлагается на сегодня провести следующие мероприятия:

- введение в Бюджетный кодекс Республики Казахстан определения «Налоговый потенциал»;

- внесение изменений и дополнений в Методику расчетов трансфертов общего характера, с включением в нее показателя «Налоговый потенциал»;

- внесение дополнений и изменений в Методику прогнозирования поступлений бюджета [7], либо путем выпуска ее в новой редакции;

- нормативное утверждение методики оценки Налогового потенциала;

- разработка и внедрение налогового паспорта АТЕ;

- введение показателя «Налоговый потенциал» в систему оценки работы территориальных налоговых органов;

- разработка нормативного акта о порядке проверки правильности расчета данных, необходимых для оценки Налогового потенциала, включая проверку правильности расчета данных для прогнозирования поступлений бюджета и расчета коэффициента собираемости налогов.

Список использованных источников:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия - 2050»: новый политический курс состоявшегося государства» от 14 декабря 2012 года.
2. Зейнелгабдин А.Б. Проблемы налогообложения, прозрачности расходов бюджета, 2004 год.
3. Бюджетный кодекс Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года № 95-IV, с изменениями и дополнениями по состоянию на 29 декабря 2014 года.
4. Мухаметкарим А.М. «Заключение по итогам контрольно-аналитического мероприятия в Министерстве экономики и бюджетного планирования Республики Казахстан по вопросу обоснованности выделения из республиканского бюджета субвенций областным бюджетам и бюджету столицы в 2011-2013 годах», 2014 год.
5. Мухаметкарим А.М. Эффективность аналитической деятельности Счетного комитета – основа перехода на госаудит.// Мемлекеттік аудит – Государственный аудит, № 4, 2014 г., с. 26-29.
6. Старостин И.В. «Анализ существующих методик оценки Налогового потенциала региона и муниципального образования», ЗАО АКФ «Современные бизнес-технологии», 2003 год.
7. Методика прогнозирования поступлений бюджета, утвержденная Приказом Министра экономики и бюджетного планирования Республики Казахстан Досаева Е.А. № 149 от 23 мая 2013 года.

**А. ХОРУНЖИЙ***«Минтакс»**консалтингтік тобының басқарушы әріптесі**«Қазақстан Республикасы салық
консультанттарының палатасы»
ҚБ вице-президенті*

ЕЛДІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ БӨЛІНІСТЕРІНІҢ САЛЫҚТЫҚ ӘЛЕУЕТІНЕ САЛЫҚТЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕРДІҢ ЫҚПАЛЫ

2013 және 2014 жылдары Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық» РМК «Қазақстан Республикасы салық консультанттарының палатасы» қоғамдық бірлестігінің сарапшыларын тарта отырып, Салықтық жеңілдіктердің тиімділігін бағалау және Салықтық әлеуетті бағалау мәселелері бойынша зерттеулер жүргізді. Осы мақалада сарапшылардың аталған мәселелер бойынша әзірлеген әдіснамалық тәсілдері келтірілген.

Мемлекет басшысы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясаты мәселелерін шешу үшін салықтық жеңілдіктердің аса маңызды екендігін және әлеуметтік-экономикалық процестерге мемлекеттік ықпал етудің бөлігі ретінде салықтық құралдардың тиімділігіне жүйелі бағалау жүргізудің қажеттігін атап өткен болатын [1].

Осы мәселеде жекелеген қызмет түрлерін және азаматтардың санаттарын әлеуметтік қолдау, экономиканың тиісті секторларын, өңірлерді, шағын және орта бизнесті (ШОБ) дамыту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының (ҚР) инвестициялық ахуалын жақсарту, соның ішінде инновациялар енгізу жөніндегі мемлекеттік саясатқа салықтық жеңілдіктердің сәйкестігін қамтамасыз ететін іс-шаралар негізгі болып табылады.

Аталған мәселенің өзектілігін халықаралық тәжірибеден де байқауға болады. Әртүрлі елдердің салық жүйелері кәсіпкерлер үшін белгілі бір жеңілдіктерді қолдана отырып, салықты бизнесті қолдау мен ынталандырудың құралы ретінде елеулі дәрежеде пайдаланады [2].

ҚР үшін Ресей Федерациясының (РФ) салық ерекшеліктерін қолданудағы тәжірибесін айрықша атап өтуге болады, соның ішінде:

1) «Салық төлеушілердің кінәсіздігі презумпциясы» туралы заң жүзінде бекітілген норма;

2) салықтық жеңілдіктердің тиімділігін бағалау тәжірибесі;

3) қолданылатын салықтық, соның ішінде инвестициялық кредит;

4) трансферттік баға белгілеу бойынша салықтық бақылауды жүзеге асыру тәртібі;

5) оқуға, емделуге, ипотекалық кредиттеуге жұмсалатын шығыстар бойынша салық салу объектісі болып табылатын жеке тұлғаның кірістерін азайту бөлігінде жеке табыс салығы (ЖТС) бойынша салықтық жеңілдіктерді қолдану [3].

Қазақстанның салық заңнамасында «салықтық жеңілдік» ұғымының жоқ екендігін айта кету керек. Осыған байланысты, осы мақаланың мақсаты үшін мынадай анықтамалар қолданылды:

Салықтық ерекшелік — салық салудың базалық (жалпы) режимінен ерекшеленетін салықтық қатынастардың кез келген шарты;

Салықтық жеңілдіктер — салық төлеушіні шын мәнісінде салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді (салықтар) төлеуден толығымен немесе ішінара босатуға, сондай-ақ салықтық міндеттеменің мөлшерін азайтуға немесе оны орындаудың тәртібін жақсартуға мүмкіндік беретін салықтық ерекшеліктер;

Салықтық әлеует – ҚР әкімшілік-аумақтық бөлінісінің (ӘАБ) салық түсімдерінің мөлшерімен сипатталатын салықтық әлеуеті, оларды ӘАБ бюджеті салықтық әкімшілік етудің орташа деңгейін кезінде өз экономикасының даму деңгейі мен құрылымына және салықтардың белгіленген тізбесі бойынша салықтық базасына қарай ала алады [4].

Жетекші экономистердің бағалауы бойынша, салықтық жеңілдіктерді қолдану тікелей субсидиялауға немесе бюджеттен қаржыландыруға қарағанда анағұрлым тиімді мемлекеттік құрал болып саналады. Бұл ретте салықтық жеңілдіктерді қолданудан толығымен бас тартуға да болмайды, өйткені олардың көпшілігі нақты бағыттала отырып мемлекеттің бірқатар міндеттерін іске асыруда аса тиімді болып табылады.

Сонымен бірге, салықтық жеңілдіктердің тигізетін кері ықпалын да айта кету керек. Әдетте, салықтық жеңілдіктер бюджет кірісін қысқартуға алып келеді. Салықтық жеңілдіктер оны теріс мақсатта пайдалану үшін белгілі бір стимулдар қалыптастырады. Әдетте, жеңілдіктер алуға үміттеніп отырған салық төлеушілерден оларды қолдануға тиісті түрде расталған құжаттар талап етіледі. Бұл ретте салықтық жеңілдіктер салықтық әкімшілік жүргізуді қиындатады.

Сонымен, салықтық жеңілдіктерді беру мынадай жағдайларда ғана өзін-өзі ақтайды:

- 1) ағымдағы кезеңде өзінің дамуы үшін мемлекеттік қолдауды қажет ететін қандай да бір нарық саласына елеулі қолдау көрсеткен жағдайда;
- 2) мемлекеттің өзекті міндеттерін шешуге бағытталған болса;
- 3) салықтық әкімшілік жүргізуді айтарлықтай қиындатпайтын болса;
- 4) нарыққа қатысушылардың әрекеттерін бұрмаламайтын болса;
- 5) шығындар мен пайданы салыстыру принципі бойынша бюджет шығыстарының бағдарламаларына қарағанда әлдеқайда тиімді болса [5].

Бұл ретте салықтық жеңілдіктерді негіздей отырып енгізу қажет, негіздемеде мынадай сұрақтарға жауаптар қамтылуы тиіс:

- 1) жаңа салықтық жеңілдіктерді енгізу не үшін қажет;
- 2) жаңа салықтық жеңілдіктерді енгізудің мақсаты қандай және осы шараның жетістігі немесе жетістікке жетпеуі қалай өлшенеді;
- 3) жаңа салықтық жеңілдіктерді енгізу көрсетілген мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді дегенге қандай дәлелдер келтіруге болады;
- 4) жаңа салықтық жеңілдіктерді енгізу көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін бюджеттің тікелей шығыстарынан неге анағұрлым жақсы [5].

Салықтық ерекшеліктерді талдау және бағалау бойынша мемлекеттік органдар жүргізетін жүйелі іс-шараларды жұртшылықтың пікірін ескере отырып белгілеу салықтық ерекшеліктер жүйесін жетілдіру бойынша уақтылы жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді.

ҚР Үкіметі салықтық жеңілдіктердің көмегімен экономиканың басым бағыттарын дамытуды қолдау бойынша мақсатты жұмыстарды жүзеге асырды. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер

туралы» ҚР кодексінде (ҚР Салық кодексі) көзделген салықтық жеңілдіктерді ескере отырып, 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыста жүрген Қазақстанның салық жүйесі көп жағдайда ЫЭДҰ ұсынған салық жүйесіндегі экономикалық өсуді ынталандыратын талаптарға сай келеді. Халықаралық сарапшылардың бағалауынша, Қазақстан 2013 жылы салық қызметтерінің сапасы бойынша әлемде 13-ші орында болған, ал салық салу деңгейі бойынша Қазақстан инвесторлар үшін пост-кеңестік кеңістіктегі ең тартымды елдердің бірі болып саналады [6].

Салықтық жеңілдіктерді қолданудың объективті мысалы ретінде қаржы секторына, ШОБ-қа, сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласына берілген жеңілдіктерді айтуға болады. Мәселен, корпоративтік табыс салығы (КТС) және қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша ең қолмақты салықтық жеңілдіктер қаржы секторына, атап айтқанда, екінші деңгейдегі банктерге берілген [6]. Бұл оларға дағдарыс кезеңінде айтарлықтай қолдау болды. 2013 жылы қаржы секторының ВДС-ы 2012 жылға қарағанда біршама өскен. Яғни қаржы секторына салықтық жеңілдіктер уақытында және объективті берілген.

ШОБ-тың, ауыл шаруашылығының және басқа да әлеуметтік-маңызды салалардың даму деректерін салыстыру салықтық жеңілдіктерді мемлекеттік ресурстарды ұйымдастыру бөлігінде қолдану осы мәселелерді бюджет есебінен қаржыландыруға қарағанда қажетті әлеуметтік және экономикалық мәселелерді ынталандырудың анағұрлым қарапайым жолы екендігін көрсетті. Бұл ретте аталған жол әдетте салық төлеушілер үшін қойылған нәтижеге қол жеткізудің тиімді және анағұрлым еркін жолы болып есептеледі.

Сонымен бірге, салықтық жеңілдіктердің тиімділігін бағалауды қазіргі уақытта бекітілген салықтық жеңілдіктер тізбесінің жоқтығы қиындатып отыр. Сондықтан мемлекеттік органдардың жұмысында қандай да бір салықтық ерекшеліктің салықтық жеңілдік ретінде қабылдануына байланысты қателіктер орын алуда, алайда салықтық қатынастардың экономикалық мәніне сүйене отырып, салық салудың жалпы ережесінде мұндай ерекшеліктің салықтық жеңілдікке жатпайтын айта кету керек. Аталған жағдай дұрыс ақпараттың берілмеуіне немесе салықтық жеңілдіктердің бюджет кірісіне әсерін, сондай-ақ салықтық жеңілдіктердің мемлекеттік саясаттың әлеуметтік-экономикалық мәселелеріне ықпалын талдау және қорытынды шығару кезінде қателіктерге ұрындыруы мүмкін.

Мәселен, келтірілген зерттеуден көрініп отырғандай, 2013 жылы КТС бойынша 137 салықтық ерекшеліктің ішінде 34 ерекшелік жеңілдік болып табылмайды, ал ҚҚС бойынша 128 салықтық ерекшеліктің ішінде 41 ерекшелік жеңілдікке жатпайды. Сонымен қатар, салықтық жеңілдіктердің барлығы бірдей бюджет үшін қайтарымсыз шығындарға алып келмейді. Мәселен, КТС бойынша экономикалық мәні бар салықтық жеңілдіктердің жалпы саны ішінде 28 салықтық жеңілдік бөлінетін таза табыс бойынша КТС-ке қоса салық салуды жояды, КТС төлеуді анағұрлым кеш мерзімге ауыстыруға алып келеді, салық төлеу бойынша міндеттемені

басқа тұлғаға ауыстырады немесе салықтық әкімшілік ету мәселелеріне жатқызады [5].

Осыған байланысты, салықтық жеңілдіктердің тиімділігін бағалау үшін мынадай сатыларды қамтитын әдістемелік тәсілді пайдаланған орынды болмақ:

1) салықтық ерекшеліктерді түгендеу;

2) салықтық ерекшеліктердің салық салу принциптеріне сәйкестігін бағалауды, мақсаттарға қол жеткізуді талдау негізінде салықтық ерекшеліктердің тиімділігін бағалауды, сондай-ақ бекітілген әдістеме негізінде жүргізілген бағалауды қамтитын салықтық ерекшеліктерді талдау және бағалау;

3) салықтық ерекшеліктерді жетілдіру [5].

Бұл ретте салықтық ерекшеліктерді мемлекеттік түгендеуді әрбір жеке салықтық ерекшеліктің немесе әрбір жеке салықтық жеңілдіктің толық сипаттамасын жасап, оларды түгендеу ведомостарына енгізе отырып, оларды тіркеу жолымен жүргізген жөн. Соның ішінде кейіннен әрбір салықтық ерекшеліктің тиімділігін бағалау үшін қандай мақсатпен енгізілгенін санамалап, салықтық ерекшеліктің қолданысынан күтілген нәтижелерді атап өту қажет.

Мемлекеттік органдардан алынған деректерді талдау көрсетіп отырғандай, қолжетімді ақпарат (статистикалық және салықтық есептіліктің нысандары) салықтық жеңілдіктердің елеулі саны үшін сандық және сапалық бағалауды жүргізуге мүмкіндік бермейді. Мәселен, КТС бойынша (2013 жыл) салықтық жеңілдіктердің 101 түрінің 55 %-дан астамы дұрыс бағалауға жатпайды. Ал ҚҚС бойынша салықтық жеңілдіктердің 85 түрінің 70 %-дан астамын дұрыс бағалау мүмкін емес [5,6 и 7]. Бұл жағдай салық төлеушілердің салық есептілігінде әрбір салықтық жеңілдік бойынша сомаларды көрсетуге арналған жеке жолдардың жоқтығынан туындаған.

Осыған байланысты, мемлекеттің қолында бюджет кірісінің жиынтық шығындарына шаққанда бағаланған салықтық жеңілдіктердің үлесінің бағаланбаған салықтық жеңілдіктердің үлесімен ара-қатынасы туралы ақпарат жоқ. Яғни, мемлекетте салықтық жеңілдіктерді беру нәтижесінде туындайтын бюджет шығындары туралы толық мәлімет болмаған. Сондай-ақ мемлекетте берілген жеңілдіктерді пайдаланатын салық төлеушілердің санына қатысты салықтық жеңілдіктердің елеулі саны бойынша да ақпарат жоқ.

Бұған қоса, қазіргі уақытта, экономикалық сипаттағы салықтық жеңілдіктерді қолданудың оң тұстарына бағалау жүргізілмеген, бұл жеңілдіктер өздерінің мәні бойынша салықтық әлеуетті арттыруға әкелуі тиіс, өйткені олар экономиканы дамытуға, яғни салықтық базаны ұлғайтуға бағытталған. Сонымен, қазіргі уақытта, салықтық әлеуеттің мөлшеріне тікелей ықпал ететін салықтық жеңілдіктердің тиімділігін бағалау үшін объективті ақпарат мемлекетте жоқ.

Осы жағдайды түзету үшін ғылыми зертеулер барысында салықтық ерекшеліктерді және салық әлеуетін бағалау әдістерінің жобалары әзірленді. Атап айтқанда, мемлекет салықтық жеңілдіктің тиімділігін қол жеткізілген нәтижелер туралы ақпаратты енгізілген жеңілдіктің көмегімен қол жеткізіледі деп жоспарлаған мақ-

саттармен салыстыру арқылы бюджеттік және/немесе әлеуметтік-экономикалық нәтижеге қол жеткізу туралы жалпы деректердің негізінде бағалай алады.

Салыстырмалы талдаумен бірге салықтық жеңілдіктердің тиімділігін барлық салық түрлері бойынша салаға немесе жеке салық төлеушіге берілетін жеке салықтық жеңілдіктің немесе салықтық жеңілдіктер тобының тиімділігін айқындаудың әдісін пайдалана отырып бағалауға болады. Мұндай үлгі бюджеттік тиімділік көрсеткішінің және әлеуметтік-экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің сомасы ретіндегі жиынтық көрсеткішті қамтуы тиіс.

Бюджеттік тиімділік тиісті салық кезеңінде не белгілі бір уақыт ішінде салықтық жеңілдіктерді қолдану нәтижесінде салық төлеушілер санының ұлғаюына, шығарылатын өнімдер көлемінің көбеюіне және/немесе өзге де салық салу объектілерінің ұлғаюына байланысты тиісті салықтар бойынша салықтық базаны кеңейту негізінде туындайтын салықтар бойынша мемлекеттік бюджеттің кірістерінен шығарылатын жалпы көлемді салыстыру негізінде бағаланады.

Салықтық жеңілдіктерді бюджеттік қаржыландырумен салыстыру кезінде экономикалық тиімділіктің қосымша көрсеткіші ретінде берілген жеңілдікпен ауыстырылатын бюджеттен қаржыландырудың қысқаруы нәтижесінде үнемделген бюджет қаражатын атап өтуге болады.

Салықтық жеңілдіктердің әлеуметтік-экономикалық тиімділігі салықтық жеңілдік берілген салық төлеушілер санатының өндірістік және қаржылық қызметінің серпінін көрсететін көрсеткіштермен және (немесе) әлеуметтік инфрақұрылымның және бизнестің дамуына қолайлы жағдайдың жасалғанын немесе халықты әлеуметтік тұрғыдан қамсыздандырудың арта түскенін растайтын көрсеткіштермен айқындалуы тиіс.

Әрбір салықтық жеңілдіктің немесе салықтық жеңілдіктер тобының тиімділігіне бағалау жүргізу үшін уәкілетті мемлекеттік орган бағалауға арналған өзекті көрсеткіштерді белгілеп, осы көрсеткіштерге салықтық жеңілдікті немесе салықтық жеңілдіктер тобын енгізуден күтілетін мемлекеттік мақсаттар мен міндеттерге қарай маңыздылық деңгейін беруі қажет.

Бұл ретте әрбір салықтық жеңілдік немесе салықтық жеңілдіктер тобы үшін, әрбір экономика саласы немесе жеке салық төлеуші үшін осы көрсеткіштердің маңыздылық деңгейі қажеттілігіне қарай әртүрлі болуы мүмкін [5].

Салықтық жеңілдіктерді Үкімет тарапынан салық төлеушілерге берілетін қаржылық көмек ретінде қарастыруға болады. Бұл ретте салықтық жеңілдіктер тікелей бюджет шығыстарымен ауыстырылуы мүмкін. Мұндай салықтық жеңілдіктерді халықаралық тәжірибеде салықтық шығыстар деп атайды. Сонымен, салық жүйесі арқылы жүзеге асырылатын шығыс бағдарламалары тиімділікті қарау және тексеру рәсімдерінен өтуі тиіс, бұл рәсімдер бюджет процесіндегі тікелей шығыстар бағдарламалары үшін қарастырылған.

Дамыған елдер (Австралия, Ұлыбритания, ГФР, АҚШ, Франция және басқалар) бюджеттің салық шығыстары тұжырымдамасын 40 жылдан астам уақыт бойы өздерінің тәжірибесінде пайдаланып келеді.

Бюджеттің салық шығыстары тұжырымдамасы салық шығыстары бойынша есеп пен есептілікті қалыптастыруды қарастырады. Салық шығыстары бойынша есептілікті жариялау бюджет-салық саласындағы жауапкершілік пен айқындықты арттыруға ықпал етеді [3].

Қазақстандық салық жүйесін талдау салық заңнамасының салықтық ерекшеліктердің елеулі санын қамтитын көрсетті, олардың бір бөлігі салықтық жеңілдіктер болып табылады және салық шығыстарының анықтамасына сай келеді. Халықаралық тәжірибені және қолданылатын салықтық ерекшеліктердің талдауын ескере отырып, ҚР-да салық шығыстары тұжырымдамасын пайдалануға қажеттілік туындады деп есептейміз.

Бұл ретте тұжырымдаманы енгізу кестесінде мынадай іс-шаралар ескерілуі қажет:

- 1) салық салудың базалық режимін айқындау;
- 2) салық шығыстарының тізбесін айқындау;
- 3) салық шығыстарынан орын алатын бюджет кірістерінің шығындарын бағалау;
- 4) салық шығыстары бойынша есептілікті қалыптастыру және жариялау;

5) салық шығыстары туралы деректерді бюджет процесінде пайдалану [3].

Салық шығыстары туралы ақпаратты салық саятын қалыптастыру кезінде, сол сияқты бюджетті әзірлеу, бекіту және оның атқарылуын бағалау кезінде назарға алу қажет. Мысалы, бюджеттің атқарылуын бағалау шеңберінде салық шығыстарын, сондай-ақ тікелей шығыстарды, соның ішінде олардың тиімділігі мен нәтижелілігін бағалаудың рәсімдерін мұқият бағалап отыру қажет. Салық шығыстары туралы деректерді бюджеттің атқарылуы туралы есептерге енгізген жөн.

Ғылыми зерттеулер барысында ҚР-да салықтық ерекшеліктерді қолданудың тәртібіне жүргізілген талдаудың нәтижелері ҚР заңнамасына:

1) салықтық ерекшеліктерді қолданудың тәртібін жетілдіруге;

2) салық органдарының негізсіз талаптарынан бизнестің қорғалуын қамтамасыз етуге (бұл Қазақстанның құқықтық және инвестициялық тартымды мемлекет ретіндегі мәртебесін күшейтеді);

3) экономикалық негізделмеген және тиімсіз салықтық ерекшеліктерді алып тастауға;

4) салық шығыстары тұжырымдамасын енгізуге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізудің орынды екендігін көрсетіп отыр.

Ағымдағы салықтық қатынастарды жалпы зерттеу мемлекетке салық жүйесін жетілдіру бойынша бірқатар шаралар қабылдаудың орынды екендігін көрсетті:

1) салық заңнамасын айқындық принципі сақтауға сәйкес келтіру, яғни салық заңнамасының нормаларын қолдану үшін түсінікті ету;

2) салық заңнамасынан экономикалық логикаға қайшы келетін нормаларды алып тастау, соның ішінде міндетті кірістер қолдану тәжірибесін тоқтату;

3) «Салық төлеушінің кінәсіздігі презумпциясы» принципі енгізу, өйткені, іс жүзінде, аталған принцип салықтық қатынастарда көбінесе қолданылмайды, ал салық төлеуші салық органдарының жеткілікті дәлелдер болмаса да, қосымша есептеген салықтар мен ай-

ыппұлдардың сомалары бойынша өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге уақыт жұмсауына тура келеді;

4) егер ҚР Салық заңнамасында күдіктер, қайшылықтар, анық емес ережелер кездесетін болса, онда мұндай нормалар салық төлеушінің пайдасына шешілуі тиіс деген норманы салық құқығының айқындығы принципі күшейту үшін енгізу қажет;

5) негіз құраушы әлеуметтік сипаттағы салықтық жеңілдіктерді, сондай-ақ ШОБ-қа, инвестициялық және инновациялық қызметке, ауыл шаруашылығына берілген салықтық жеңілдіктерді сақтау (қаржы секторына берілген салықтық жеңілдіктер көп жағдайда негізделген болып табылады, бірақ қосымша талдауды талап етпейді);

6) салық кредитін енгізу;

7) ҚР Салық кодексінің сілтеме нормаларының орнына салықтық қатынастардың әрбір жағдайында, соның ішінде ХҚЕС-қа сілтемелер негізінде салық даулары туындайтын жағдайларда талаптарды барынша сипаттау бойынша жұмыстар жүргізу;

8) ҚҚС бойынша дебеттік сальдоға көшу жөніндегі жұмыстарды жалғастыру, яғни жанама салық ретінде ҚҚС-тың экономикалық функциясын сақтай отырып, ҚҚС қайтарудың тәртібіне ҚҚС-ты толық көлемінде және ақылға қонымды мерзімде қайтаруды қамтамасыз ететін өзгерістер енгізу;

9) геологиялық барлау жұмыстарын салықтық тұрғыдан ынталандыру, соның ішінде ҚҚС бойынша дебеттік сальдоны қайтаруға кепілдік беру;

10) салық органдарына қажетті ақпаратты салықтық есептіліктің жалпы нысандары бойынша алуға болатындықтан, ірі салық төлеушілерге мониторинг жүргізу бойынша салықтық есептілікті алып тастау;

11) бірлескен қызметке қатысушылардың атынан операторға салықтық міндеттемелерді орындауға рұқсат бере отырып, бірлескен қызмет пен бірлескен операциялар бойынша салық есебін жүргізудің жалпыға ортақ тетіктерін белгілеу;

12) ірі және орта бизнеске міндетті түрде жұршылық тарапынан жүргізілетін салық аудитін енгізіп, оны серификатталған салық консультанттарына тапсыру.

Бұған қоса, мына мәселелерді атап өту қажет.

1. РБ-нің кіріс бөлігінің орындалу тиімділігін арттырудың ықтималды жолдарының бірі салықтық әкімшілік жүргізу мәселелерін шешуді ескере отырып, ҚҚС бойынша тіркеу шегін азайту жағына қарай қайта қарау.

2. Салықтық бақылаудың мөлшері мемлекеттің мүмкіндіктермен тең дәрежеде әрі халықаралық принциптерге сәйкес болуға және адал салық төлеушілердің бизнесін қалыпты дамытуға кедергі келтірмеуі тиіс. Мәселен, трансферттік баға белгілеу бойынша жаппай бақылауды алып тастағаннан, мемлекет айтарлықтай шығындарға ұшырамайды. Бұл ретте ҚР-ның инвестициялық тартымдылығы арта түседі және мемлекет тарапынан артық бақылау алынып тасталғаннан кейін бизнесті, әсіресе, ШОБ-ты дамыту үшін қосымша стимул пайда болады.

РФ-ның салық құқығының нормаларын осы мәселені халықаралық принциптерге және салық төлеу-

шілердің салықтық менталитетінің ерекшелігіне сай шешудің мысалы ретінде келтіруге болады.

3. Салықтық ерекшеліктерді және салықтық жеңілдіктерді қолданудың тәжірибесі туралы деректер шаруашылық жүргізуші субъектілердің, яғни қосылған құны бар тауарларды өндірушілердің жеңілдіктер мен артықшылықтарды нашар пайдаланып отырғанын көрсетеді. Осыған байланысты, мемлекеттік саясаттың

маңызды бағыттарының біріне салық төлеушілердің салықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар жатады.

Жоғарыда аталған барлық іс-шаралар мемлекетке салықтық жеңілдіктердің тиімділігі туралы, елдің және әкімшілік-аумақтық бөліністің нақты салықтық әлеуеті туралы объективті ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы.
